

ӘОЖ 94(4/9)

З.Қ. Буенбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: zai-sol@mail.ru

Түркия және ЕО: интеграция мәселесі

Мақалада Түркия мен Еуропа мемлекеттері, яғни Түркия мен Еуро Одақ арасындағы тарихи, саяси, экономикалық факторларға сараптама жасалған. 27 еуропалық мемлекеттің экономикалық және саяси бірлестігіне енуді көздейтін Түркия Республикасының жүргізіп отырған сыртқы және ішкі саясатына, Еуро Одақтың Түркияға қойған талаптары мен шарттарына жете тоқталамыз. 1923 жылы Түркия Республикасының басшылығына Мұстафа Кемал Ататүріктің келуі, оның Түркияны элитарлы мемлекетке айналдыру жолындағы атқарған істері, олардың жүзеге асырылуы Түркия Республикасының тарихындағы үлкен жеңіс. Ендігі кезекте Кіші Азия аумағында жатқан, Еуропа мен Азия материктерінде орналасқан Түркияның Еуропа кеңістігіне кіруге ұмтылуы, оның жеткен жетістіктеріне қысқаша сипаттама беру арқылы мақаланың негізгі өзегі, Түркия мен Еуро Одақ арасындағы интеграцияға, Түркия Республикасының Конституциясына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды саралау, салыстыру және оның нақты жүзеге асырылуына талдау жасалынады.

Түйін сөздер: Осман империясы, Мұстафа Кемал Ататүрік саясаты, Түркияның сыртқы саясаты, интеграция.

Z.K. Buyenbayeva

Turkey and EU (the European Union): the integration problems

The article deals with the problem of integration of Turkey into the European Union and the Turkish implementation of EU's conditions for joining into the Union. Consequently, the article is analyzed the legislative changes and replenishment in the Constitution of the Republic of Turkey for entering the EU. By today's relationship between the EU and Turkey, there is a point that Turkey needs another additional 10-15 years of testing.

Keywords: The Ottoman Empire, politics of Mustafa Kemal Ataturk, the Turkish foreign politics, integration.

З.К. Буенбаева

Турция и ЕС: проблемы интеграции

В статье рассматривается проблема интеграции Турции в Европейский союз и выполнения с Турецкой стороны условия ЕС для вхождения в союз. Следовательно, в статье проанализированы законодательные изменения и пополнения в Конституцию Турецкой Республики для вхождения в ЕС. По сегодняшним отношениям между ЕС и Турцией складывается мнение, что Турции понадобится еще дополнительных 10-15 испытательных лет.

Ключевые слова: Османская империя, политика Мустафа Кемала Ататюрка, внешняя политика Турции, интеграция.

Шығыс пен Батыс дүниелерінің арасындағы қарым-қатынастың тарихы біз ойлағаннан әлдеқайда тереңде жатыр. Саналы түрде ғылымда Батыс пен Шығыс арасындағы бай-

ланысты эллиндық-римдік дәуірден бастайды. Ғасырдан ғасыр өткен сайын бұл екі дүние бір-бірінен ажырамаса да мәдени тұрғыдан дамулары әрқалай жүрді. Саяси-экономикалық

тұрғыдан Батыс Шығыстан озықтүсті. Оның олай болатындай өзіндік себептері де болды. «Батыс пен Шығыс» контекстінде қазіргі таңда Түркия мен Еуро Одақ мәселесі көтерілді. Түркия мен Еуропа Осман империясы билік құрған кезден бастап, бүгінге дейін тығыз қарым-қатынаста келгенін жақсы білеміз.

Еуропаның саяси кеңістігінде бірнеше он жылдықтарға созылған ең бір көкейкесті мәселе – Түркияның Еуро Одаққа мүшелікке қабылдануы. Қызу пікірталас пен саяси диалогтардың пайда болуына алып келген бұл мәселе бертінде біршама суыды. Бірақ олардың саяси болашағы әлі шешіле қоймады.

Бір жағынан, Түркия мен Еуропа елдері арасындағы бүгінгі теңгерілген қарым-қатынастың болуы мүмкін емес сияқты. Себебі ғасырлар бойығы Осман империясының Еуропа аумағындағы жаулап алу саясаты өзіндік із қалдырды. Ал түріктер – шынтуайтына келгенде, османдықтардың тікелей әрі заңды ұрпағы. Бірақ бүгінгі жаһандану заманы кешегі тарихи өкпелер мен реніштерді еске түсіріп отырмайды. Ілгері қарай жылжу, даму және өркендеу – табысты мемлекеттің негізгі ұстанымы. Сондықтан Түркия мен Еуропа үшін экономикалық ынтымақтастық аса қажет.

Еуро Одаққа қабылдауға өтініш білдірген мемлекеттердің ішінде Түркияның кандидатурасын анықтау ұзаққа созылуда. Және жақын арада Түркияны ЕО-ға мүшелікке ала қоятынына сену қиын. ЕО-ға мүшелікке қабылданудың алғашқы жылдарында Түркияның мүмкіншілігі әлдеқайда жоғары еді. Себебі екінші жұниежүзілік соғыстан кейін әлемде орын алған өзара бөлістер, қырғи-қабақ соғыс кезінде Түркия «Маршалл жоспарын», «Трумэн доктринасын» қабылдап, 1952 жылы НАТО-ға енді. Нәтижесінде, өз әскерін Кореяға қарсы соғысуға аттандырды. Мұның бәрі Батыстың Түркияға деген ерекше ықыласы мен қызығушылығын барынша арттырды.

Қырғи-қабақ соғыстың бітуі, КСРО-ның құлауы өз кезегінде Түркия мен ЕО арасындағы қарым-қатынастың сынақ алаңына айналды. Екі арадағы байланыстың беріктігі осы тұста анықталды.

Түркия – 1949 жылдары Еуро кеңестің негізін салушылардың бірі, 1964 жылдан бастап Еуропа экономикалық қауымдастығына мүше ел болды. Мұның бәрі Түркияның Еуро Одаққа

қабылданауының алғы шарттары деп түсіндірілді. Яғни 1964 жылы Түркия мен Еуропа арасындағы негізгі құжат Анкара келісімі негізінде (1964 жыл 1 желтоқсан), бірқатар шарттарды толық орындағаннан кейін Түркия 1995 жылы ЕО-ға қабылдануға тиіс еді. Алайда бұл жағдай басқа саяси көрініс алды. Түрік үкіметі ЕО алдындағы өзінің міндеттерін белгіленген мерзімге дейін орындамақ болып жүргенінде, еуропалықтар бұдан былай түріктердің «антидемократиялық қателіктеріне» көзді жұмып қарай алмайтынын жеткізді. Сондай-ақ өзінің сенімді одақтасынан білгілі бір әлеуметтік-экономикалық деңгейге дейін көтерілмейінше, заңнамаларындағы олқылықтарды жойымайынша (әсіресе, 1982 жылғы әскери режимдегі Конституцияны), ЕО-ға қабылдануы мүмкін еместігін айтты. Аталмыш шарттардан кейін ғана 1999 жылы Түркия ЕО-ға қабылдануға үміткер ел атанады. Осылайша, Түркияның кандидатурасын тағы 4 жылға кейін шегіндірді.

Бұған дейін ЕО Түркияның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне көңілдері толмай келгені белгілі. Бірақ тынымсыз әрі өнімді еңбектен кейін Түркияның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші ЕО-ға мүше кейбір елдердің көрсеткішінен басып озды. Осылайша, ЕО қойған әлеуметтік-экономикалық талап күнтізбеден түсірілді.

1990 жылдары экономикалық мешеулікпен қатар Түркияның ішкі саяси жағдайы да қатаң сынға алынды. ЕО-ның заңнамалық негізінде Түркияда адам құқығы мен демократиялық еркіндігі шектелген болып шықты. Күрдтер, мұсылман емес конфессиялардың құқықтарын қорғау, оларға құрметпен қарау мәселесі көтерілді. Түрмедегі қылмыскерді азаптау, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы әскердің ерекше рөлі сынды мәселелер де алға тартылды. Сондай-ақ Түркияның ЕО-ға мүшелігіне қабылдануына қарсы топтардың арасында Грекия мен Түркияның Кипр үшін болған жанжалдары ең сүйікті тақырыпқа айналды. Бірақ «Кофи Аннан жоспарының» арқасында кипрлік түріктер арасындағы дауысқа салудан кейін ЕО-ға бұл тақырыпты жаба тұруға тура келді.

«Әр айдың аты басқа» демекші, Түркияның ЕО-ға қабылдануына келгенде күні бүгінге дейін ЕО тарапынан көптеген келелі мәселе шығып жатыр. Оның қайдан және не үшін

шығып жатқанын да түсіну қиын емес. Батыстың алдындағы тағы бір тосқауыл, ол – түрік халқының жоғары демографиялық өсімі. Түріктер Еуро Одақтағы халық саны жағынан ең көп мемлекетке айналса, оның еуропарламенттегі өкілдерінің орны да сәйкесінше көбейеді деген қорқыныш бар. Бүгіннің өзінде Еуропада түріктер диаспорасы үш миллион халықты құрап отыр. Бұл – Еуропадағы ең үлкен диаспора. Оның үстіне Түркия Таяу Шығыс және күнгей Кавказ елдерімен шекаралас жатқан саяси-географиялық орналасуы жағынан тиімді мемлекет.

Түркияның батыстық ұйымға әлі күнге дейін қабылданбай жатуының ең шешуші факторы – дін және мәдениет мәселесі. Біріншіден, ЕО өзін «христиандық клуб» санайды. Және мәдени, саяси, салт-дәстүрі жағынан бөгде мемлекетті өзінің клубына қосуды жөн санамайды. Еуропа халқы бөтен мәдениетті алып келген мұсылман-иммигранттарының ішінде өзінің бірегейлігі мен біртұтастығын жоғалтып алудан қорқады. Осы ретте қызу пікірталас тудырған Сэмюэль Хантингтонның 1993 жылы шыққан «Өркениеттер қақтығысы» атты мақаласы ойға еріксіз оралады екен. Онда Хантингтон өркениетті ең жоғарғы дәрежедегі мәдени қауымдастық ретінде және адамдардың ең ауқымды мәдени бірегейлігінің деңгейі ретінде қарастырады. Өркениеттер объективті тұрғыдағы тіл, әдет-ғұрып, дін, институттар сияқты ортақ белгілердің, сондай-ақ адамдардың субъективті өзара бірегейлігінің болуымен сипатталады. Осы орайда ол қазіргі әлемдегі келесідей өркениеттерді көрсетеді: батыстық, конфуциандық, жапондық, исламдық, индуистік, православиелік, славяндық, латын америкалық және африкалық. Автордың пікірінше, қырғи-қабақ соғыс аяқталып, кеңестік одақ қирағаннан кейін, қазіргі әлемдегі қайшылықтардың жаңа торабы жоғарыда аталған өркениеттердің арасында болады. Жаһандану процестері адамдардың дәстүрлі бірегейленуін ағын судай шайса, бұл түпкі ұлттық тамырға қайта оралуға талпынып, кері реакция тудырады. Бұл, әсіресе діни фундаментализмнің қайта өрлеуінен көрініс табады (исламдық, конфуциандық, шығыс православиелік және т.б.). Батыстық емес елдердің батысқа қосылу жолындағы кедергілер күрделілігі және тереңдігі біршама ерекшеленеді. Шығыс Еуропа мен Латын Аме-

рикасы елдерінде ол аса байқалмайды. Бірақ ең көп кедергі мұсылман, конфуциандық, индуистік және буддистік халықтар арасында кездесуде. Хантингтонның пікірінше, дәл осы мұсылман-конфуциандық одақ, қазіргі кезде Батысқа ең үлкен қауіп төндіріп тұр. Хантингтон бұл өркениеттік жік әлеуметтік-саяси тұрғыда да, әсіресе түпкілікті батыстық құндылықтар деп саналатын демократия және адам құқы мәселесінде көрініс табуға дейді. Батыстық мәдениеттің біразы басқа әлемді үстірт жаулап алды. Бірақ, терең бойласақ, батыстық идеялар мен көзқарастар басқа өркениеттерге қатысты көзқарастардан әлдеқайда алшақ. Исламдық, конфуциандық, индуистік, буддистік және православиелік мәдениеттерде индивидуализм, либерализм, конституционализм, адам құқы, теңдік, еркіндік, заң үстемдігі, демократия, еркін нарық, шіркеудің мемлекеттен бөлінуі сияқты идеялармен қатар, осы құндылықтарды уағыздап, таратуға бағытталған Батыстың әрекеті "адам құқының империализміне" қарсы жауықтырып, төл мәдениеттің түпкілікті құндылықтарын нығайтуға септігін тигізеді [1].

Қалай дегенмен де Түркияның батыстық одаққа әлі күнге дейін қабылданбай жатуының саяси астары тұманды. Еуропа Түркияның одаққа қабылданбауы үшін үнемі бір амал тауып келетінін орыс және түрік басылымдарындағы мақалалардан, саяси сараптамалардан байқаймыз. Жоғарыда атап өткеніміздей, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың көңіл көншітерлік күйде болмауы, адам құқығы, мұсылман емес конфессиялардың жағдайы, сайып келгенде мәдени және діни алшақтық Түркияның Одаққа қабылдану мерзімін барынша тежеп келді. Мұның бәрі – ЕО-ға қабылдамаудың шарттары мен шаралары. Түркия мен ЕО арасындағы мәселеге қатысты зерттеуші-ғалымдар арасында тағы бір пікір бар. Ол – түріктердің басым көпшілігі мұсылман екендігінде емес, мұндағы проблема 1995 жылғы Түркия Парламентіндегі парламенттік сайлаудағы исламшылдар (Н. Эрбаканның «Рефах» партиясы) мен 1999 жылғы оңшыл және солшыл ұлтшылдардың (Б. Эджевиттің демократиялық солшыл партиясы мен Д. Бахчелидің ұлтшылдық қозғалыс партиясы) жеңісі [2].

Түркияның еуропалық құрылымдарға енуіндегі мардымсыз әрекеттері, түрік қоғамының негізгі саяси партиялардан түңілуі еуропашыл

кемализмнің жақтаушыларының ксенофобия мен дінді саясиландырудағы маргиналдык күшті арттырса, ол өз кезегінде қоғамға ішкі бағдар, ЕО-ға қабылданудың балама жолын тауып береді-міс. Яғни ол дегеніңіз Түркияның көршілес жатқан мұсылман елдері мен Орталық Азиядағы түркітілдес республикалармен қарым-қатынасын үзіп, тоқтатуы.

2002 жылдың қараша айындағы Р.Т. Эрдоганның жетекшілігімен «Адалдық пен даму» партиясының абсолюттік жеңісі осының бір дәлеліндей. Бұл партия 2001 жылы «Милли гюреш» исламдық қозғалыстың «ұстамды қанаты» ретінде құрылды. Негізі бұл саяси партияның жұмысына үнемі сот билігімен тыйым салынып отырған. Бірақ аталмыш партия әрдайым ескі ұранның астында, баяғы жетекшілерімен, тек партияның атын өзгертіп, жаңғыртып тұрды. Ең соңғы рет ол «Ізгілік партиясы» («Фазилет») деп аталды және 2001 жылы Р.Т. Эрдоганның исламшылдық пікірлерінің нәтижесінде жабылуға мәжбүр болды.

«Милли гюрешті» жақтаушылар асылында Түркияның Еуро Одаққа интеграциялау саясатын қолдамады, сынға алды. Олар Батысқа қарағанда Шығыс әлемі мұсылмандарымен тығыз қарым-қатынас орнату керектігін алға тартты.

Осылайша, бірнеше жылдарға созылған ішкі талас-тартыс Түркияның өзінде Еуро Одаққа қабылдануға қатысты пікірлердің екі тарапқа жарылуына алып келді. Соңғы жылдардағы халық арасындағы әлеуметтік-статистикалық зерттеудің нәтижесінде түріктердің жартысынан астамының Еуро Одаққа мүшелікті қолдамайтыны және халықтың Еуропаға ағылып көшпейтіні анықталды. Түріктерге Түркияда өмір сүру әлдеқайда ыңғайлы әрі қолайлы болып шықты. Ал еуропалықтардың пікірінше, Түркия ЕО-ға қабылданған жағдайда түріктердің басым бөлігі Еуропаға ағылып келеді.

Түркияның қажырлы әрі қайсар еңбегінің арқасында 2004 жылдың желтоқсан айында өткен ЕО-ның саммитіндегі Түркияның ЕО-ға қабылдану жайындағы келіссөздердің мерзімі белгіленетініне Анкара имандай сенді. Себебі бұған дейін 2004 жылдың 6 қазанында еуропалық комиссияның түрік үкіметінің интеграция жолындағы нақты қадамдарына қатысты баяндама 2005 жылдан бастап Түркияның ЕО-ға қабылданудағы келіссөздердің жүргізілетінін жеткізді.

Негізі еуропалық интеграцияны орнату еуропалықтардың санасында бұрыннан қалыптасқан нәрсе. Ал оның тәжірибелік бастамасы тек XX ғасырдың орта шенінен басталды. Еуропа халқы бұл өзара интеграциялық қарым-қатынастың орнатылуының қажеттілігін жете түсінді. Еуропа елдерін бір-бірінен алыстатпай, ортақ мәдени, рухани және материалдық құндылықтарды сақтап қалу үшін әскери жанжалдарды доғару керек болды. Оның үстіне Еуропа әлемдік үрдісте алдыңғы қатарлы ойыншы болуды, жемісті халықаралық ынтымақтастықты орнатуды көздеп қана қоймай, әлемдік өркениеттің, жалпы адамзаттық ілгерілеу мен тұрақтылықтың дамуына, демократияның өркендеуі, адам құқығы мен еркіндігінің сақталуына себепші болуды көздеді [3].

Уақыт өте келе еуропалық интеграция айтулы жетістіктерге қол жеткізді. Оның негізгі жемісі – Еуро Одақтың құрылуы болды. Еуропалық интеграцияның мерейлі табыстары көптің назарын өзіне аударып үлгерді. Және ол басқа да мемлекеттерге үлгі бола бастады. Соның ішінде біздің Орталық Азия да бар.

Еуропалық интеграцияның өзіндік ерекшелігі, ол – мемлекеттің, ұлттың және мемлекет басшыларының ешқандай мәжбүрлеусіз Одаққа еніп, ортақ интеграциялық процестерді жүргізуінде. Сондай-ақ олардың арасында демократия мен адам құқығы негізінде интеграция өзара тиімді, еркін әрі адал болуы шарт.

Интеграция дегеніміз – саяси, экономикалық, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың аймақ, мемлекет, әлем негізінде бірігуі, ұйымдасуы [4]. Интеграцияның қазіргі таңда төрт түрі бар. Олар:

1. Саяси интеграция.
2. Экономикалық интеграция.
3. Әлеуметтік интеграция.
4. Интернет интеграция.

Осы аталмыш төрт салада мемлекеттер арасындағы интеграция жүріп отырады. Негізі интеграцияның тарихы әріде жатыр. Оның бір көрінісі «Ұлы Жібек жолы». Көшпенділер заманында да интеграция үрдісі жақсы жүрді.

Қайтадан өзіміздің тақырыпқа оралсақ, 1980 жылдары Түркия өзінің экономикалық саясатында реформа жүргізіп, нәтижесінде экономикада жеке сектор мен нарықтық қатынастар алдыңғы қатарға шықты. Тайып Эрдоганның

басшылығындағы бүгінгі үкімет те экономиканы ырықтандыруда. Яғни мемлекеттік концерндерді жеке меншікке өткізіп, шетел инвесторлары үшін ішкі нарықты ашып жатыр. Еуропа елдерінің бірлестігіне интеграциялану саясатында Түркияның көптеген саласында өзгерістер пайда болды. Айтарлықтай өзгерістерді сот жүйесінен байқауға болады. Мәселен, сот үкімі қайта қарауға келмейтін мемлекеттік қауіпсіздік соттары біртіндеп жойыла бастады. Егер сот шешімі негізгі еуропалық конвенцияларға қарама-қайшы болса, еуропалық сотта шешімнің қайта қарастырылу мүмкіндігі туды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мына бір жағдайды мысалға келтірейік. Түрік парламентінің депутаты болған саяси тұлға, күрд мәселесінің белсендісі Лейлә Зана мен оның жақтастары Түркия сотының шешіміне қарсылық білдіріп, еуропалық сотқа шағымданды. Нәтижесінде, 2004 жылы бостандыққа шықты.

Сонымен қатар темір тордың ар жағында өмір бойғы қамау заңы да жойылды. Балаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту 15 жас-тан 18 жасқа дейін ұзартылды. Егер азаматтың жеке құжаттамасындағы қандай да қылмыстық әрекетті еуропалық құқық тұрғысынан қылмыс емес деп тапса, онда ол түгелімен құжаттамадан жойылуға тиіс болды. Полиция қызметкерлерінің қылмыскерге қатысты шындықты білу үшін қолданылатын азаптаулары қылмыс болып табылды. Тергеулер кідіртпестен қысқа мерзімде жүргізілуге міндеттелді және ол тергеулер сот шенеуніктерінің кезекті демалысына қарамастан жүргізілуге тиіс болды. Еуро Одақтың Түркияға қойған бұл шарттары Түркия Конституциясынан көрініс тапты. Бұдан басқа да бірнеше сот жүйесіне қатысты заңнамалық өзгерістер енгізілді.

Еуро Одаққа қабылдануды көздейтін Түркияның еуропалық принциптер бойынша өмір сүру формасын заңнамасынан да, күнделікті тіршілікте қолданылуынан да байқауға болады. Дін мәселесіне қатысты бірнеше жеңілдетулерді де атап өту керек. Мұсылман емес діни конфессиялар қандай да жылжымайтын мүлікті сатып алуға және өз атына заңды түрде жаздыруға құқылы болды. Мұсылман еместердің тұрғызған діни орындары түрік қоғамы арасында таныла бастады. Қала салу ережелеріне сәйкес құрылыс

орындарында мұсылман мешіттерінен басқа да діни ғимараттарды салуға рұқсат берді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында да өзгерістер байқалды. БАҚ бұдан былай ақпарат көзін жарияламауға құқылы болды. Түркияның Конституциясының 30-бабына сәйкес баспа үйі мен оның бөліктерін қандай жағдай болмасын жабуға немесе тартып алуға тыйым салынды. Ал ескі заң негізінде оны қылмыс құралы ретінде танып, тартып алатын еді. Кино, видео, музыкаға қатысты цензура біршама жеңілдеді. Әдеби және ғылыми еңбектер, шығармашылық жұмыстар бұдан былай цензураға тексерілмейтін болды. Бұған дейін Түркияда түрік тілінен басқа бір де бір телеарна көрсетпейтін, мектепте түрік тілінен басқа тілде сабақ жүргізілмейтін. Осы ретте барлық қабылданған жаңа заңнамалардың ішінде ең бір қызу пікірталас тудырған заңнама – Түркияның түрік емес халықтарының құқығына қатысты реттеулері болды. 90-жылдардың басында-ақ түрік үкіметі халықаралық ұйымға Түркияда тұратын түрік емес халықтарға деген құрметін дәлелдеу үрдісі басталды. 1991 жылы күрд тілі өзара қарым-қатынас тілі мәртебесін иемденді. Күрд тілі бұған дейін де күрдтер арасында кеңінен қолданылатын. Мәселен, бүгіндері жеке-меншік және мемлекеттік арналарда түрік тілінен басқа тілде ақпарат таратуға рұқсат берілді.

Түркияның Конституциясына бірінен соң бірі өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп жатқанын байқаған боларсыз. Бірақ Түркияның өзінде мұндай жаппай өзгерістер жүз пайыздық қолдау таппады. Еуро Одақтың басшылары мен исламды жақтаушылар түрік әскерін әлсіретуді көздеуде деген пікірдегі Түркиядағы аксүйектік нормалардың белсенді жақтаушылары мен жеке бақылаушылары арасында бұл үрдіс аздаған қауіп туғызып отыр. Бұл туралы келесі жолы толығырақ тоқталамыз.

Түркияны ЕО-ға қабылдауға қатысты пікірлер Еуропа мемлекеттері арасында ғана емес, түрік халқының арасында да екіге жарылғанын жоғарыда атап өттік. Түркия мен ЕО арасындағы экономикалық интеграция 1963 жылы Еуропалық экономикалық ұйымға (ЕО-ның ізашары) мүше болудан басталды. Ал түп негізгі тамыры Осман империясы тұсындағы еуропалықтар мен османдықтардың арасындағы теңіз және басқа да сауда-саттық қарым-қатынастарында жатыр.

Жоғарыда атап өткен пікірлердің бірін даттық «Information» газеті: «Түркиядағы жағдайлардың соншалықты жақсы жүріп жатқандығынан Еуро Одақ комиссарлары тағы қандай тосқауыл қойып, Түркияның ілгері дамуын кері шегіндірсек деген арам пиғылдарынан шыға алмай отыр», – деп ағынан жарылды. Және де Түркияның араб және мұсылман әлеміндегі стратегиялық әріптесті жоғалтып алу мүмкіндігін айтады. ЕО Түркияға «жоқ» деп жауап бере алмайды деп қорытады газет.

Қорыта келе, Түркия Еуро Одақ қойған саяси талаптардың басым көпшілігін қалтқысыз орындады және әлі де орындап келеді. Бірақ Түркия мен Еуро Одақ арасындағы келіссөздер әлі де 10-15 жылға созылатынын Еуро одақ басшылығы жуырда мәлімдеді. Тіпті аталмыш

10-15 жылдың өзі нақты кесілген мерзім емес. Ендігі кезекте, аса ауыр әрі күрделі жұмыстар бар. Ол жыл сайынғы саяси хал-ахуалға байланысты баяндамалар (біріншісі 2005 жылы өтті), әрбір өзекті мәселені жеке-жеке талқылау, саяси және мәдени диалогты нығайтудағы бағыттарды көпшілік деңгейде қабылдау. Түркияны аландататын тағы бір маңызды жағдай, бұл – Еуро одақтың өзі қажет деп тапқан кез келген уақытта Анкарамен орнатылған келіссөздерін тоқтату болып табылады.

Шындығында, Түркия Республикасы Еуро Одақтың қойған талап-шарттарын барынша мұқият әрі дұрыс орындауға тырысты. Бірақ әзірге жағдайдың шұғыл өзгеретін түрі жоқ. Біз болсақ, «уақыт тас екеш тасты да тоздырады» деп ойлаймыз.

References

- 1 Sayasi tusindirme sozdik. – Almaty, 2007.
- 2 Kunakov V. V. Turtsiya i ES: problem ekonomicheskoi integratsii. – M., 1999. – 123 s.
- 3 Ol'denburg S. F. Novaya vsrecha vostoka i zapada cherez tysyachiletiya. <http://aryavest.com/partlink/63.pdf>.
- 4 Anatomiya evropeiskoi integratsii. – Almaty, 2003. – 210 s.